

**Балаларды буллингтен қорғау мен әйелдердің мемлекеттік істерге  
қатысу құқығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар мен  
азаматтық қоғам өкілдерінің  
нәтижелі бірлескен жұмысы бойынша  
НҰСҚАУЛЫҚ**

Алматы

2022

## **Кіріспе**

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында "халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидатын айқындады. Ол қағидат бойынша, мемлекеттік аппарат азаматтардың мүддесі үшін жұмыс істеуі тиіс.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңның 4-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің мемлекет мүдделерінен басымдығына негізделген. Алайда бұл туралы көптеген мемлекеттік қызметшілер ұмытып кеткен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Жарлығымен Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді.

Мемлекеттік органдар өздеріне жүктелген функцияларды орындау кезінде азаматтық қоғаммен бірлесіп тұрақты жұмыс жасайды. Дегенмен, қазіргі бірлескен жұмыс нәтижелілігі жеткілікті түрде жоғары болмай, азаматтардың мемлекеттік аппарат жұмысына наразылығының және осыған байланысты туындайтын қақтығыс себептерінің бірі болып табылады.

Балалар буллингін мен әйелдердің мемлекет істеріне жеткілікті түрде қатыспауы қазіргі қазақстандық қоғамның елеулі мәселелерінің бірі болып қалуда.

Берілген мемлекеттік қызметшілерге арналған нұсқаулықта балалардың буллингтен және әйелдердің мемлекет істеріне қатысу құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында азаматтық қоғаммен нәтижелі әрекеттесу бойынша ұсынымдар қамтылған. Бұл нұсқаулықтың ерекшелігі – түрлі авторлар дайындаған тәжірибелік тапсырмалары бар қосымшаларда.

## **1- Тарау.**

### **Мемлекеттік органдардың азаматтық қоғаммен өзара әрекеттесу тиімділігін арттырудың жалпы тәсілдері.**

"Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің" іргесі – қоғам мен билік арасындағы тұрақты диалог. Бұл институттар арасындағы үйлесімді жұмысты қоғам мен мемлекеттің тұрақты әрекеттесуі мен ынтымақтастығын жетілдіру арқылы ғана қамтамасыз етуге болады.

Бұған дейін мемлекеттік органдар көбінесе баспасөз қызметтерін, қоғаммен байланыс бөлімдерін құрумен және БАҚ-та өз қызметі туралы "объективті" ақпаратты таратумен шектелетін. Іс жүзінде мемлекеттік органдар өздерінің қызметі туралы жұртшылықты біржақты ғана хабардар еткен. Мұндай модель "асимметриялы" деп аталады, өйткені ол азаматтық қоғамның емес, тек мемлекеттік органдардың қажеттіліктерін қанағаттандырып, кез-келген жолмен жағымды имидж жасауға бағытталды.

Кейіннен мемлекеттік органдар өз қызметі туралы ақпаратты таратудың насихаттау тәсілдері мен әдістерін, сондай-ақ қоғамның маңызды топтарын қабылданатын шешімдердің қажеттілігіне сендіруге бағытталған PR технологияларын пайдалана бастады. Бұл «екі жақты асимметриялы» модель деп аталады, себебі мемлекеттік органдарға қоғамның мүмкін реакциясын өздері үшін пайдалы не пайдалы болмауына байланысты ескеруге тура келді.

Мұндай жүйе қазіргі таңда кеңінен таралуда. Оның бір мысалы – Ресей. Бұл үрдіс әсіресе сайлау науқандары немесе танымал емес шешімдер қабылдау кезінде жиі қолданылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекет пен азаматтық қоғамның нәтижелі әрекеттесу әдістерінің синтезі болып табылатын және, ең бастысы,

азаматтардың басқару процесіне жанама қатысуын көздейтіндіктен демократиялық мемлекеттің мүдделеріне сай келетін модель пайдаланылады. Мұндай модель "екі жақты симметриялы" деп аталып, жұртшылықтың мүдделеріне, олардың қажеттіліктері мен үміттерін зерделеуге сүйене отырып, мемлекеттік органдардың қызметін тұрақты түрде үйлестіреді.

Сондай-ақ, екі жақты симметриялы модель басқару органдарының азаматтарды өз қызметі туралы үнемі хабардар етуін қамтиды. Бұл өз кезегінде субъектілер арасындағы өзара түсіністікті жақсартып, ықтимал қақтығыс жағдайларының алдын алады.

Екі жақты симметриялы модель үшін анықталған міндеттер шеңбері келесілерді қамтиды:

- жұртшылықты жүйелі түрде хабардар ету;
- мемлекеттік билік органдарының іс-әрекеттерін түсіндіру;
- кері байланысты ұйымдастыру;
- қоғамдық белсенділікті дамытуды ынталандыру;
- қоғаммен жұмыс (оның ішінде КЕҰ-мен, қоғамдық пікір көшбасшыларымен және т.б.);
- коммерциялық құрылымдарды әлеуметтік маңызды процестерге қатысуға тарту;
- мемлекеттік органдардың және жеке әрбір шенеуніктің жақсы атағын қалыптастыру.

Осылайша, мемлекеттік басқару органдары мен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесуін жақсарту үшін: мемлекеттік органдар қызметінің ашықтық қағидатын арттыру, кері байланыс процесінің әдістері мен рәсімдерін құру және жақсарту, пікір көшбасшыларымен және тірек топтармен нақты жұмыс

жүргізу, қазіргі заманғы шенеунік пен мемлекеттік билік органдарының жақсы атағын қалыптастыру қажет.

Мемлекеттік органдар қызметі толығымен ашық әрі мөлдір болуы тиіс, өйткені қоғам мемлекеттік қызметшілерді іс жүзінде қоғам мүдделеріне қызмет көрсету үшін жалдайды, мемлекеттік аппарат басқаратын қоғамның қаражаты есебінен жалақы төлейді. Шыны керек, мемлекеттің қоғамнан алынатын салықтар есебінен қалыптасатын, сондай-ақ жалпы қоғамға тиесілі мүлікті (оның ішінде жер қойнауын) басқарудан алынған мемлекеттік бюджеттен басқа іс жүзінде қаржысы жоқ.

Интернет дәуірінде мемлекеттік құрылымдардың ашықтығына қол жеткізу бұрынғыға қарағанда мүмкін, сондықтан әрбір мемлекеттік орган мен ұйым өзінің ресми интернет-ресурсында келесілерді қамтамасыз етуі керек:

- Толық және жаңартылған қызметкерлер тізімі, оның ішінде олардың фотосуреттері, өмірбаяны, атаулары, лауазымдардың функционалдық міндеттері, нақты деректемелері (заңды мекен-жайы, қабат, кабинет нөмірі, телефон нөмірі, соның ішінде ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта, мессенджер, әлеуметтік желілердегі аккаунттары және т.б.), жарияланған көтермелеулер мен салынған тәртіптік жазалар, тіпті жалақы мөлшері, қызметтік автокөлік маркасы мен бекітілген нөмірі және т. б.

- Әрбір қызметшінің жеке парақшасы, онда кез келген қызметкердің өзекті жұмыс жоспары мен орындалған жұмыс туралы есептері жария етілгені дұрыс. Бұл парақшаның мүмкіндігінше жиі жаңартылып отырғаны да маңызды. Жұртшылық мемлекеттік қызметшінің жұмысын қазіргі уақыт режимінде қадағалап, жұмыс орнына нешеде келгенін, әрбір жұмыс сағатында немен айналысқанын, қайда барғанын, қандай жиынға қатысып, қандай құжаттар дайындағанын, т.б. көруі мүмкін. Бір жағынан артық болып көрінгенімен, бұл шара жасыратыны бар, жұмысына деген азаматтық қоғамның сенімсіздігі бар, халықпен кездеспейтін, халықтың пікірінше «түк

бітірмейтін» қызметшілерге арналған. Сондай-ақ, көрсетілген ақпарат тексерулер кезінде пайдаланылуы мүмкін.

- Осындай ашықтық қағидаты әрбір мемлекеттік құрылымның мүлкі мен қаржысына қатысты болуы керек, сондықтан кез-келген адам баланстағы мүліктің толық тізімін, мүлікті сатып алу құны мен нақты құнын, осы мүлікті түгендеу нәтижелерін әр түгендеу кезінде түсірілген фотосуреттерден көре алады. Мысалы, автокөліктер бойынша жол жүру парақтары, GPS мұрағаты, т.б. қолжетімді болуы тиіс. Кез-келген адам мемлекеттік қаржыдан алынған әр тиынның жұмсалудың қадағалай алуы керек, яғни іс жүзінде мемлекеттік құрылымдардың барлық бухгалтерлік есебі толығымен ашық болуы керек.

- Мемлекеттік құрылымдарға келіп түсетін, мемлекеттік құрылымдардан жинақталатын, пайдаланылатын және шығатын барлық құжаттар мен ақпарат заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда ашық қолжетімділікте болуы тиіс.

Интернет-ресурс ресми парақшасында азаматтар әрбір мемлекеттік қызметшінің жұмысы мен этикасы туралы өз пікірін қалдыра алатындай кері байланыс қамтамасыз етілуі тиіс. Кез-келген мемлекеттік қызметкер басқа азаматтардан келетін сынды көтеріп, қатемен жұмыс жасай алуы керек.

Азаматтық қоғаммен өзара әрекеттесу үшін, ең алдымен, пікір көшбасшыларымен, белсенділермен және КЕҰ өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас орнату қажет.

Жоғарыда аталған адамдармен қарым – қатынас орнату ерлі-зайыптылар арасындағы қатынастарды құру және сақтау сияқты күрделі процесс, мысалы алдымен олар танысып, бірін-бірі есте сақтайды. Кез-келген қарым-қатынас алдын-ала ойластырылып, әрбір келесі байланысқа шығу одан әрі жақындасу мен сенімге әкелуі керек.

Айта кетерлік жайт, заңнама мемлекеттік қызметшілерге азаматтармен (соттарды қоспағанда) "процессуалдықтан тыс байланысқа" тыйым

салмайды. Көптеген елдерде мемлекеттік қызметшілердің өздерінің жеке, топтық және т.б. мүдделерін алға жылжытуға тырысатын азаматтық қоғам мен бизнес өкілдерімен осындай әрекеттесуі лоббилендіру туралы заңнамамен реттелген. Бұл заңнаманың мақсаты мұндай бірлескен жұмысқа тыйым салу емес, олардың қоғам үшін ашықтығын қамтамасыз ету.

Біз керісінше мемлекеттік қызметшіге пікір көшбасшылары, белсенділер және КЕҰ өкілдері арқылы мүдделерді ілгерілету қажет болғандағы жағдайды қарастырып жатырмыз. Қазіргі уақытта бұл процесс заңды түрде реттелмеген.

Нақты адамдар қарым-қатынасы туралы айтатын болсақ, олар кез-келген жағдайда үнемі жетіліп отыратын психология заңдарына сәйкес құрылады.

Алдымен белгілі бір мақсатқа жету нәтижесімен байланысты болуы мүмкін нақты пікір көшбасшыларының, белсенділердің және КЕҰ өкілдерінің тізімін анықтау қажет. Бұл тек байыпты талдау нәтижесінде мүмкін болады. Содан кейін әрбір өкілдің биліктегілерге деген қатысын анықтап, оның көзқарастарына әсер етуі мүмкін азаматтық қоғамның нақты топтарын көрсету қажет. Кейін танысып, қарым-қатынас орнату керек. Барлық кездесулерді, тіпті телефонмен сөйлесу жоспарын алдын-ала анықтап алған дұрыс болар. Телефондағы байланыстар тізіміне қарасаңыз, жиі, сирек немесе өте сирек (мысалы, жылына бір рет) сөйлесетін адамдарды көре аласыз. Бұл көптеген факторларға байланысты болады: біреумен бір жыл бойы сөйлеспей, телефон қоңырауынан кейін кеше бір-біріңізді көргендей сөйлессеңіз, біреумен бір ай ғана көріспесеңіз де, араларыңыз суып кетіп, түсініспеушілік пайда болады. Сондықтан әңгіме жиілігі, ұзақтығы, түрі, қарым-қатынас ортасы және т.б. факторларды міндетті түрде алдын-ала ойластырып қою қажет. Әр респондент үшін жағымды жағдайды ескере отырып, қарым-қатынасты сақтау мақсатымен кейіннен қоңыраулар не бетпе-бет кездесулер жасау үшін оның туған күнін, кәсіби мерекесін, әйелінің, балаларының туған күндерін және т.б. ескеру ұсынылады.

Азаматтық қоғам өкілдерімен бірлесіп жұмыс жасайтын әрбір мемлекеттік қызметші күнтізбесінде азаматтық қоғам өкілдерімен күнделікті негіздегі өзара іс-әрекеттің нақты нысандары (қоңыраулар, кездесулер және т.б.) жоспарлануы тиіс.

Сондай-ақ азаматтық қоғам өкілінің мемлекеттік органмен өзара жұмыс жасауының шынайы себептерін түсіну қажет. Біреу мемлекеттік қызметке кіруді армандаса, біреуі даңққа ие болғысы келеді, басқасы шетелге жиі баруды болжайды, біреу таза меркантильді мақсаттарды көздейді. Біз мінез-құлықтың "төмен" мотивтерін ғана келтірдік, олардың шынымен де жиі кездесетіні рас, алайда мұндай мотивтерге бейім адамдардың міндетті түрде азғындыққа бейім болғаны емес. Мысалы, наубайшы Адам Смит таза пайда табу үшін нан пісірсе де, сонымен бірге адамдарды тамақтандырып, қоғамға пайда әкеледі. Біздің жағдайда да сол. Мінез-құлықтың шынайы себептерін білу қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі. Айта кетерлік жайт, көбінесе өтініштер, шағымдарды жиі жазатын адамдар жоғары моральдық мақсаттарды көздемесе де (кек алу, біреуге ор қазу, қызғаныш, ақша табуға тырысу және т.б.), олардың өтініштерінен пайда болған кейінгі тексерулер мен сот процестері нәтижесінде қоғам пайда көреді (мысалы, кінәлілерді анықтау мен жазалау, қылмыстық істерді қарау мен белгілі бір құқық бұзушылықтардың себептерін жою).

Қарым-қатынас орнатылғаннан кейін, өзара түсіністікке қол жеткізгеннен кейін адамды белгілі бір қоғамдық пайдаға қол жеткізу үшін "қолдана" аласыз. Бұл сөз жақсы мағынасында қолданылады (жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік қызметкерлер тек қоғам пайдасына жұмыс істейді).

Мұндай "пайдаланудың" мәні - азаматтық қоғам өкілі сізді пайдаланады деп сеніп, өзі байқамай сізге қажет қызмет көрсетеді, көрсетілген қызметіңіз үшін риза болады. Бірақ мұндайға қол жеткізу оңай емес. Ол үшін сіз қажетті мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін азаматтық қоғам өкілдерін ынталандыру шараларын ойластыруыңыз керек. Бұл міндетті түрде



мемлекеттік бюджеттің шығындарына әкеп тірелмейді, оған құрмет грамоталары, марапаттау белгілері, т.б. жатады. Бұл бағытта үнемі шығармашыл болу керек. Мысалы, біреуге штаттан тыс кеңесші (қоғамдық кеңес мүшесінің және т.б.) куәлігі үлкен сыйақы болар.

Әрбір мемлекеттік органда тиісті ерекшеліктерді ескере отырып мемлекеттік органның міндеттерін іске асыруға көмектескені үшін азаматтық қоғам өкілдерін ынталандыру өлшемдері мен әдістемесін ашатын құжат әзірленуі тиіс.

Бұл тарауда мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік органдардың азаматтық қоғаммен өзара әрекеттесуінің тиімділігін арттырудың қазіргі уақытта жиірек қолданылуы керек тәсілдері көрсетілген.

## **2-тарау.**

**Балалардың буллингтен қорғану құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың азаматтық қоғам өкілдерімен бірлескен жұмысының ерекшеліктері.**

Қудалау (буллинг — ағылш. bullying) - ұжым мүшелерінің бірін (әсіресе оқушылар мен студенттер, сондай-ақ әріптестер ұжымының) екінші тараптан, көбінесе бір формальды немесе басқа ұжым мойындамайтын адамдар тобы тарапынан агрессивті қуғындау. Қудалауды бір көшбасшы кейде серіктестерімен бірге ұйымдастырса, көпшілігі куәгер болып қалады. Қудалау кезінде буллинг құрбаны өзін шабуылдардан қорғай алмайды, сондықтан қудалау тараптардың күштері шамамен тең жанжалдан әлдеқайда өзгеше болып келеді. Қудалау физикалық және психологиялық түрде жүзеге асып, барлық жаста және әлеуметтік топтарда көрініс табады. Асқынған жағдайларда ол топтық қылмыстың кейбір белгілеріне де ие болуы мүмкін.

Балалар буллингі олардың өзін-өзі бағалауы төмен және депрессия мен мазасыздықтың жоғары деңгейінің себебі болып табылады. Буллинг құрбандары өзіне-өзі қол жұмсау жайлы жиі ойланады.

Деректерге сәйкес, мектепте жиі немесе тұрақты түрде буллинге ұшыраған балалар өскенде денсаулығына жиі шағымданады, депрессиядан, жүйке бұзылуларынан зардап шегеді және өз-өзіне қол жұмсауға бейім болады. Олардың жұмыс бабы жағынан сәтсіздігі, табысының төмен болуы, жұмыссыз қалу қаупі жоғары екені де байқалды.

Мемлекет балаларға мектепте қауіпсіз жағдай жасауға міндетті болғандықтан, қазіргі уақытта Қазақстанда балаларға қатысты кибербуллинг

мәселесіне ерекше назар аударылып жатыр, бұл өз кезегінде арнайы заңның әзірленуіне әкелді.

Мүдделі мемлекеттік органдар балалар буллинг мәселесі бойынша азаматтық қоғаммен өзара әрекеттесу үшін, ең алдымен, білім беру мекемелерінен, қорлаудан зардап шеккен балалардың ата-аналарынан, қорлаудан зардап шеккен балалардан, буллинг куәгерлерінің ата-аналарынан, куәгерлердің өздерінен, белсенділерден, қоғам қайраткерлерінен және КЕҰ өкілдерінен толық және сенімді ақпарат алу жолдарын реттеу керек.

Буллинг сияқты күрделі мәселе бойынша адамдар тікелей мемлекеттік органдарға жүгінбейді, сондықтан мемлекеттік органдар өздерінің интернет-ресурстары мен білім беру мекемелерінде осы мәселемен айналысатын КЕҰ байланыс телефондарын насихаттап, тарату керек. Ересектер мен әсіресе балалар жақсы атаққа ие КЕҰ-ға мемлекеттік органдарға қарағанда көбірек сенеді.

Мүдделі мемлекеттік органдарда буллинктің әрбір жағдайы туралы ақпарат келіп түскен кезде атқарылатын іс-қимылдардың нақты дәйектілігі (алгоритмі) әзірленуі тиіс. Іс-қимыл алгоритмін әзірлеу осы мәселеге мамандандырылған КЕҰ өкілдерімен, психологтармен, қоғам қайраткерлерімен және белсенділермен тығыз ынтымақтастықта жүргізілуі керек.

Мәселенің көкейтестілігін ескере отырып, тиісті тұлғалардың жеке деректерін белгілі бір буллинкті болдырмауға арналған шешімдерді әзірлеу сатысында жария етуден қорғау қажет.

Сонымен қатар, болашақта осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында жұртшылықты буллинктің әрбір жағдайы жайлы хабардар ете отырып, тиісті ден қою шаралары қабылдануы тиіс. Тиісті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында иесіздендірілген мәліметтер, балалар буллинг бойынша статистика мен талдау орналастыру керек.

Балалар буллингiнiң нақты жағдайлары мен мәселелерi тиiстi тұлғалардың дербес деректерiн жария етпестен қоғамда және бiрiншi кезекте мүдделi мемлекеттiк органдардың интернет-ресурстарында ашық талқылануы тиiс. Олар белгiлi бiр әдiстеме бойынша балалардың буллинг жағдайларын дербес анықтау және белгiленген алгоритм бойынша шараларды одан әрi қабылдау үшiн БАҚ пен әлеуметтiк желiлердiң мониторингiн ұйымдастыруы тиiс.

Осы тарауды қорытындылай келе, балалар буллингiнен 100%-ға арылу мүмкiн емес екенiн атап өткен жөн. Алайда тиiстi мемлекеттiк органдардың мiндетi – қоғамдағы бұл жағымсыз құбылысты минималды көрсеткiштерге дейiн төмендету.

### **3-тарау.**

**Әйелдердің мемлекет істеріне қатысу құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың азаматтық қоғам өкілдерімен бірлескен жұмыс ерекшеліктері.**

Әйелдердің мемлекет істеріне қатысуы туралы ресми мәліметтер балалардың буллингiмен салыстырғанда анағұрлым толық болып келеді. ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердегі әйелдер құқықтары мен гендерлік теңдікке көп жылдар бойы елеулі көңіл бөлініп келе жатыр, Қазақстан да аталған мәселеде көп жетістіктерге жетті деп айтсақ болалы.

Қазақстан Президенті жанында көп жылдар бойы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия жұмыс істеп келеді.

2016 жылы Президент Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасының алғашқы редакциясын, ал 2022 жылы жаңа редакциясын бекітті.

Тұжырымдамада әйелдердің мемлекет істеріне қатысу құқықтарын қамтамасыз етудің келесі мәселелері белгіленген:

- саяси мемлекеттік қызметшілер құрамының жоғарғы сатыларында әйелдердің жеткіліксіз өкілдік етуі;
- қоғамда әйелдердің саясатта алға жылжуына кедергі келтіретін стереотиптердің болуы,

- квазимемлекеттік сектор басқару органдарында қызмет салалары бойынша әйелдердің өкілдік етуінің теңсіздігі.

Мәселен, жұмыс істеп тұрған 728 мемлекеттік саяси қызметшінің 65-і немесе 8,9%-ы – әйелдер (2016 жылы-9,7%). Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамындағы әйелдердің үлесі - 9%. Салыстыру үшін, Испания мен Финляндияда Үкімет мүшелерінің 60%-дан астамы әйелдер. Австрияда, Бельгияда, Швецияда - 57,1%, Канадада - 51,4%, Францияда, Финляндияда, Испанияда-50%. Ұлттық үкіметтердегі әйелдер үлесінің орташа әлемдік көрсеткіші 21,9%-ды құрайды.

Аталған тұжырымдамаға сәйкес биліктің атқарушы, өкілді және сот органдарында, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда шешімдер қабылдау деңгейіндегі әйелдердің үлесі 2022 жылға қарай 24,5% - ды, 2023 жылға қарай - 25,0% - ды, 2024 жылға қарай - 25,3% - ды, 2025 жылға қарай-25,5% - ды, 2026 жылға қарай-26,0% - ды құрайды. 2027 жылға қарай - 27,0%, 2028 жылға қарай - 28,0%, 2029 жылға қарай - 29,0%, 2030 жылға қарай-30% құрайды.

Әрине, Мемлекет басшысының әйелдерге билік органдарында өкілдік ету жөніндегі талаптары гендерлік құқықтардың теңдігін сақтауға ғана емес, басқарушылық шешімдердің сапасын едәуір арттыру үшін әйелдерді шешім қабылдау процесіне қатыстыруға да негізделген.

Мысалы, 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде бейбіт демонстранттарды күшпен тарату, қару қолдану, т.б. шешім қабылдаған адамдар арасында әйелдер болғанда, құрбан болған мен зардап шеккендердің санын едәуір азайтып, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдар мен демонстранттардың осындай қатаң қарсылығын болдырмау мүмкін болар еді. Әйелдер ымыраға келуге бейім; олар көбінесе сезімдерге, эмоцияларға жүгініп, шешімдердің психологиялық компонентін ғана емес, ер адамдарға бейім суық ақыл мен есепті де ескереді.

Тұжырымдаманың жоғарыда көрсетілген мақсаттарына қол жеткізу үшін әйелдердің мемлекет істеріне қатысуы мәселесі бойынша Мемлекеттік органдардың азаматтық қоғам өкілдерімен нәтижелі әрекеттесуі қажет.

Бұл мәселе балалардың буллингiне қарағанда әрбір мемлекеттік органның мүдделерін қозғайды. Сондықтан әрбір мемлекеттік орган сол мемлекеттік органның құзыретіне қатысты әйелдердің мемлекетті басқаруға қатысуы туралы толық статистика жүргізуі тиіс. Көрсетілген статистикалық ақпарат түсіндірмелері мен талдауы жалпыға бірдей қолжетімділікте мемлекеттік органның ресми интернет-ресурстарында орналастырылуы керек.

Әрбір мемлекеттік органда мемлекет істеріне қатысу құқықтарын іске асыру мақсатында кез-келген әйел өтініш жасай алатындай кері байланыс ретке келтірілуі тиіс. Әйелдер (балалар буллингi жағдайы іспеттес) мемлекеттік органдарға тікелей жүгінуге жасықтануы мүмкін. Сол себепті мемлекеттік органдар өздерінің интернет-ресурстарында осы мәселемен айналысатын КЕҰ байланыс телефондарын насихаттап, тарату керек. Әйелдер жақсы атаққа ие КЕҰ-ға мемлекеттік органдарға қарағанда көбірек сенеді.

Белсенділермен өзара әрекеттесу кезінде әйел психологиясының ерекшеліктерін ескеру қажет. Мысалы, әңгімелесудің сенімді атмосферасын құру және әйелмен қарым-қатынасты жақсарту үшін оны мұқият және қызығушылықпен тыңдау жеткілікті. Әңгімесін айтып біткен әйел тынышталып, әзірге ешқандай мәселесі шешілмеген жағдайдың өзінде көңіл-күйі көтеріңкі болады. Әйел адамның осындай ерекшеліктерін ескеру керек.

Көптеген әйелдер үшін олардың балалары өмірдің ең басты мәні болып табылатынын есте сақтау керек, сондықтан белсенділермен қарым-қатынас орнату кезінде әйелді туған күнімен немесе баласының қандай да бір жетістігімен құттықтау үшін балалары туралы мүмкіндігінше егжей-тегжейлі ақпарат алу керек. Бұл әйелдің мемлекеттік қызметшіге деген көзқарасына айтарлықтай оң әсерін тигізуі мүмкін. Осыны белсенділерді мемлекеттік

органдарға көрсеткен көмегі үшін ынталандыру нысандарын әзірлеу кезінде де ескерген жөн.

## **Қорытынды**

Бұл мемлекеттік қызметшілерге арналған нұсқаулықта азаматтық қоғам өкілдерімен өзара тиімді бірлескен жұмысты ұйымдастыру үшін, оның ішінде балалардың буллингтен және әйелдердің мемлекет істеріне қатысу құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында тәжірибелік ұсынымдар келтірілген.

Мемлекеттік органдарда азаматтардың және азаматтық қоғам өкілдерінің сауалдары мен пікірлеріне ден қою алгоритмдері міндетті түрде әзірленуі тиіс. Олардың қоғам мәселелерін шешуге қалай тартылатынына, азаматтардың мемлекеттік органдармен диалог пен бірлескен жұмысына (әлеуметтік сауалнамалар, әлеуметтік жобалар, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі, азаматтар жиындарды санамағанда) қатысатынына талдау жүргізу керек екенін естен шығармаған жөн.

Азаматтық қоғам өкілдерімен жұмыс істеудің нысандары мен құралдарын үнемі әзірлеп, жетілдіру керек, өйткені қазіргі кезде қолданыстағы құралдар көбінесе тиімсіз болып табылады (азаматтардың мемлекеттік органдардың жұмысына наразылығы артады, сенім деңгейі төмендейді, т.б.).

Мемлекеттік басқарудың кез келген саласында азаматтық қатысудың, азаматтарды (оның ішінде әйелдер мен балаларды) тартудың жаңа нысандары мемлекеттік аппарат қабылдайтын шешімдердің сапасын арттыруы тиіс. Бұл шешімдерді тек іске асыру процесі үшін ғана емес, нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін де қабылдау қажет.